

ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ ҚОРҒАНЫС 2022/2023 ОҚУ ЖЫЛЫ

Мектептің қауіпсіздік жүйесі – бұл мектеп әкімшілігі билік органдарымен, құқық корғау органдарымен және басқа құрылымдармен бірлесіп ұйымдастырылатын ұйымдық техникалық шаралар кешені. Максаты – мектептің күнделікті қауіпсіз іс-шараларға, сондай-ақ қауіп немесе төтенше жағдай кезіндегі әрекеттерге әрқашан дайын болуын қамтамасыз ету.

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік түрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористтік түрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР БФМ 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бүйрығы күшіне енді, соған сәйкес мектепте терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету қажет.

Объектілерді қорғау үшін мынадай жағдайларды қамтамасыз ету

- Объектілерге рұқсатсыз кіруге жол бермеу, шаралар қабылдау
 - объектілерге кіруді бақылауды орнату және оны қатаң сақтау;
 - нысанға заңсыз кіруді анықтау арқылы объектінің инженерлік-техникалық түрғыдан нығайту;
 - терроризм актілерін дайындау немесе жасау белгілерін анықтау, шаралар қабылдау;
 - күдікті адамдар мен объектілерді анықтау үшін объектілердегі және жақын аумақтағы жағдайды бақылау
 - оқушылар арасындағы экстремизмнің алдын алу
 - объектілерді инженерлік-техникалық жараптандыру бөлігінде материалдық-техникалық базаны жақсарту;
 - объектілерде терроризм актісін жасау әрекеттерінің жолын кесу, шаралар қабылдау
 - нысанның оқытылған қызметкерлерінің объектілерді қорғауды жүзеге асыруы немесе күзет қызметі субъектілерімен шарт жасау;
 - келушілердің объектілеріне және көлік құралдарына кірудің белгіленген тәртібіне тұрақты бақылауды ұйымдастыру;
 - ұжымда, оның ішінде педагогикалық ұжымда және оқушыларда қауіпсіздік мәдениетін, терроризмге қарсы сананы қалыптастыру;
 - объектілердің терроризмге қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін барлық шараны бақылау;
- объектілердегі ықтимал террористтік қатерлердің салдарын барынша азайту және жою, шаралар қабылдау
- білім және ғылым объектілерінің сипаттамаларына барабар лаңкестік сипаттағы ықтимал қауіптерде әрекет ету алгоритмдерін әзірлеу;

объектінің терроризмге қарсы қауіпсіздік паспортын уақытылы дайындау және жүргізу.

Мектепте ланкестікке қарсы корғанысты ұйымдастыру, объектінің терроризмге қарсы қауіпсіздік паспортын жасау және бекітемін(1-қосымша), сондай-ақ оқушылармен, оқытушылар кұрамымен және техникалықзыметкерлермен жұмыс істеу, төтенше жағдай кезіндегі іс-қимыл алгоритмімен таныстыру және практикалық сабактар өткізу(2-қосымша). Сынып жетекшілері сыннып сағаттарында және сабактан тыс жұмыстарда оқушыларға, әкімшілік – ұжыммен түсіндірме жұмыстарын жүргізу(3-қосымша).

1-қосымша

Паспорт КР Үкіметінің 2013 жылғы 12 қарашадағы № 12 қарашадағы № 1217 қаулысымен бекітілген Террористтік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортына сәйкес екі данада бір мезгілде электрондық нұсқада әзірленеді.

Террористтік тұрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қауіпсіздік паспортын әзірлеуге және айналымына қойылатын талаптар

Террористтік тұрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қауіпсіздік паспорты терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мұдделі органдар әрекеттердің алдын алу, жолын кесу, азайту және зардалтарын жою жөніндегі іс-шараларды жоспарлаған кезде пайдалануға арналған.

Эвакуациялау орны, жинау пункттері, еркерту жүйесі, білім беру үйымдарындағы төтенше жағдайлар туралы ата-аналарды хабардар ету тәртібі және білім алушылар мен тәрбиеленушілерді отбасына қайтару тәртібі туралы мәліметтер білім беру үйымының қамқоршылық кенесімен келіскеннен кейін паспортқа енгізіледі.

Паспорт – қолжетімділігі шектелген ақпаратты қамтитын құжат.

Білім және ғылым объектілерінде паспорт таратылуы шектеулі ресми ақпаратты қамтитын құжат болып табылад және егер оған құпиялышық мөртанаңбасы қойылмаған болса, «Қызметтік пайдалану үшін» деген белгі қойылады.

Паспортқа құпия мөртана қою туралы шешім КР-сының мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес қабылданады немесе объектінің басшылары паспортты әзірлеуге қолданады. терроризмге қатысы жоқ адамдардың оған қол жеткізуін шектеу шараларын қарсы күрес жөніндегі жедел штабтың қызметінде объектінің терроризмге қарсы қорғалуын камтамасыз етеді,